**Жұмыс берушінің пікірі**
**бакалавриаттың білім беру бағдарламасына**
**6B01532 - Информатика-физика**

Ұсынылған білім беру бағдарламасын (ББ) Ә.Марғұлан атындағы Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің "Информатика" кафедрасы әзірледі. ББ бойынша оқу жоспарының пәндері жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында, мамандықтың үлгілік оқу жоспарында және кәсіптік стандартта көзделген негізгі, жалпы және арнайы құзыреттердің барлық қажетті тізбесін қалыптастырады. Жоспарға енгізілген пәндер бүгінгі таңда білім беру саласындағы өзекті мәселелердің мәнін ашады.

Білім беру бағдарламасына енгізілген "Оптика", "Атом және атом ядросының физикасы", "Электр және магнетизм", "Математиканы оқыту әдістемесі", "Информатиканы оқыту әдістемесі", "Мектептегі цифрлық білім беру ресурстары", "STEM-технологиялар" және т.б. базалық және бейіндік пәндер қажетті құзыреттерді қалыптастырады.

6B01532 - Информатика-физика білім беру бағдарламасының пәндері сөзсіз өзекті және мұғалімді даярлаудың заманауи талаптарына сәйкес келеді. ББ бағдарламасында оқыту екі маңызды салада терең білімді игеріп қана қоймай, олардың өзара байланысы мен бір-біріне әсерін түсінуге бірегей мүмкіндік береді. Бағдарлама қос маманданған мұғалім таптырмайтын білім беру салаларын қамтыды, әсіресе шағын жинақталған мектептерде өте құнды болып табылады.

Сонымен қатар, бағдарламаның білім берудегі, әсіресе АКТ саласындағы соңғы үрдістерге бейімділігі білім алушыларды жаңа әдістемелер мен технологияларды оқу процесіне біріктіруге дайындайды, бұл болашақ ұрпақты серпінді цифрлық әлемге дайындаудың негізгі факторы болатынына сенімдімін.

*Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернатының директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы бойынша орынбасары Камалова Н.Е.*

Scanned with CamScanner